



Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі туралы<*> ЕСКЕРТУ. Қаулының атауындағы және мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1996.08.15. N 1013 қаулысымен. ~P961013 ЕСКЕРТУ. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі Жарғысына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.05.15. N 834 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 4 шілде N 916

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі қызметінің мәселелерін қарай келіп және қазіргі кезде Үкімет оның барлық акцияларын иеленуші болып табылатының ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі (бұдан әрі -

Халықтық банк) қызметінің нәтижелері 1995 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бекітілсін.

2. Халықтық банкінің беріліп отырған Жарғысы бекітілсін.

Халықтық банкінің Басқармасы 1995 жылғы 15 шілдеге дейін Халықтық банкінің Жарғысын тіркесін және 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін мөрлерді, мөртаңбалар мен маңдайшадағы жазуларды заңды белгіленген тәртіппен ауыстырылсын.

3. Халықтық банкінің Байқаушы кеңесі мына құрамда құрылсын:
Дәмітов Қ.Қ - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі, төраға;

<*>

Құдышев М.Т. - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

<*>

Сәрсембаев Н.А. - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалау жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары

<*>

Кәкімжанов З.Х. - Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің төрағасы

Ержанов О.С. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

төрағасының орынбасары

<*>

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
орынбасары

Мұқанов Е.К. - Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ
Банкі Басқармасының төрағасы

<*>

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының Қаржы
вице-министрі

<*>

Байқаушы Кеңес бір ай мерзім ішінде Халықтық банкінің Тексеру комиссиясы мен Халықтық банкі Директорлар кеңесінің (Басқармасының) құрамын бекітсін, тәуелсіз аудитор тағайындасын.

ЕСКЕРТУ. Кеңесі құрамына өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің
1996.08.15. N 1013 қаулысымен. P961013_

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.05.12.
N 816 қаулысымен. P970816_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.12.12. N 1757
қаулысымен. P971757_

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылғы 20 шілдеге дейін Халықтық банк мекемелері орналасқан барлық үйлерді Халықтық банкінің балансына берсін және осы үйлерді мемлекеттің Халықтық банкінің жарғылық қорына қосқан үлесі ретінде тіркеп, оларды қайта бағаласын.

Халықтық банк Басқармасы қалыптасу кезеңінде Халықтық банкінің жарғылық қорындағы материалдық активтер үлесін көбейту жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасына өтініш жасасын.

5. 1994 жылы дивидендтер төлеу қорына бөлінген 99 млн. теңге мөлшеріндегі пайда Халықтық банктің Жарғылық капиталын өсіруге жұмсалсын.

6. Халықтық банк Басқармасының Халықтық банк 1992-1994 жылдары берген 450 млн. теңге көлеміндегі күмәнді әрі үміт етуге болмайтын кредиттерге қарсы, оны шығыстық бөлігінде ескере отырып, бірақ 1995 жылғы мамыр, маусым үшін баланстық пайдадан көп емес провизия (резерв) жасау туралы ұсынысы қабылдансын.

7. Халықтық банкінің бірыңғай корреспонденттік шот пен шоғырланған балансқа көшуіне байланысты пайдаға салынатын салықты, төлемдерді жалпы мемлекеттік қорларға төлеу жөнінде және 1995 жылғы 1 шілдеден бастап тұтынуға жұмсалатын қаржыны реттеу жөнінде орталықтандырылған есеп айырысулар енгізілсін.

(8-тармақ) <*> .

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.06.28.

N 826 қаулысымен. P960826_

9. Жергілікті әкімдерге Халықтық банкі мен оның филиалдарының оперативті-шаруашылық қызметіне араласуға жол бермеу ұсынылсын.

10. Халықтық банк тиісті Төрелік соттарға 1992-1994 жылдар ішінде мерзімі өткен кредит қарыздарын қайтарып алу туралы берген арызы бойынша шаруашылық дауларын қараған кезде Халықтық банкті мемлекеттік баж салығын алдын-ала төлеуден босату жөнінде өтініш жасасын.

11. "Қазақстан Республикасының Халықтық банкі және оның салымшыларының мүдделерін қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 қаңтардағы N 1515 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 сәуірдегі N 318 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі